



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8,  
Министрліктер үйі, 5 - кіреберіс  
тел: 8 (7172) 74 36 50, 8 (7172) 74 37 27

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 8,  
Дом Министерств, 5 подъезд  
тел: 8 (7172) 74 36 50, 8 (7172) 74 37 27

№

**Қазақстан Республикасының  
Парламенті Мәжілісінің депутаттары,  
«Nur-Otan» партиясы фракциясының мүшелері  
Л.Павловецке  
Д.Нұрманбетоваға  
В.Кимге**

*2021 жылғы 17 ақпандағы  
шығыс №ДЗ-50 хатқа*

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі онкологиялық аурулардың профилактикасы мен ерте диагностикалауға қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлайды.

Онкологиялық қызметті жетілдіру және онкологиялық науқастарға медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету және қатерлі ісіктерді (бұдан әрі – ҚІ) ерте анықтау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 маусымдағы №395 қаулысымен бекітілген онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған кешенді жоспар (бұдан әрі – *Кешенді жоспар*) іске асырылуда.

2020 жылы онкологиялық науқастардың контингенті 190 159 науқасты (2019 жылы – 186 326 пациент) құрады.

Бұл ретте, ҚІ-дан болатын өлім көрсеткіші 0,8%-ға төмендеп, 100 мың халыққа шаққанда 78,5-ті (2019 жылы-100 мың халыққа шаққанда 79,3) құрады.

Сонымен қатар, өткен жылмен салыстырғанда ҚІ сырқаттанушылықтың 17,9%-ға төмендегені (2020 жылы-100 мың халыққа шаққанда 175,9, 2019 жылы-100 мың халыққа шаққанда 193,8) байқалады.

Онкологиялық ауруларды ерте кезеңдерде белсенді анықтауға төтенше жағдай және COVID-19 коронавирустық инфекциясының пандемиясына байланысты шектеу іс-шаралары теріс әсер етті.

Төтенше жағдай кезінде профилактикалық қарап-тексерулер 2020 жылдың қыркүйегіне дейін тоқтатылды.

Алайда, профилактикалық қарап-тексерулер қайта басталған кезде барлық жерде халықтың, әсіресе егде жастағы адамдардың қарап-тексерулерге қатысуының төмен деңгейі байқалды, бұл бөлінген қаражаттың аз қамтылуына және игерілмеуіне әкелді. Осыған байланысты, скринингтік қарап-тексерулердің барлық түрлері бойынша (*жатыр мойны обыры, сүт безі обыры, колоректальдық қатерлі ісік*) патологияны анықтау 2019 жылға қарағанда екі есе аз тіркелген.

Кейбір компьютерлік томографтар (*бұдан әрі–КТ*) провизорлық орталықтар ретінде қайта бейінделген медициналық ұйымдарда болғандығын, осыған байланысты онкопатологияға күдікті пациенттерді тексеру үшін толыққанды пайдаланылмағандығын айта кеткен жөн.

2021 жылға арналған онкологиялық скринингтік зерттеулерді жоспарлау 2020 жылғы теріс тәжірибені ескере отырып жүргізілді.

COVID-19 қатысты жағдай медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету кабинеттерінің жұмысына да кері әсерін тигізді. Пациенттердің ағымы 2019 жылмен салыстырғанда 60% азайды.

Пациенттердің кезеңділігін және бағытталуын жетілдіру мақсатында республикада онкологиялық көмек көрсету интеграцияланған модель шеңберінде үш деңгейге бөлінген. Бірінші деңгейде онкологиялық көмекті медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдары көрсетеді, онда 1891 қарау кабинеті жұмыс істейді: 675 ерлер, 1216 әйелдер (*2019 жылы-1849, 648 ер және 1201 әйел*).

Министрлік 2021 жылы қарап-тексеру кабинеттерінің жұмысын жандандыруды жоспарлап отыр. Қарап-тексеру кабинеттеріне (*акушерлер, фельдшерлер*) қабылданған мамандарды онкологиялық орталықтарда онкологиялық сақтану, көзге көрінетін жерлерді қарап-тексеру цитологиялық зерттеу үшін материал алу қағидалары мәселелері бойынша оқыту жоспарланған.

*Қатерлі ісіктердің барлық нысандарын 0-1 сатыда ерте диагностикалаудың қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету бойынша.*

Тиімділігі жоғары ерте диагностиканы дамыту Кешенді жоспардың іс-шараларымен: позитрондық–эмиссиялық томография (*бұдан әрі–ПЭТ*) қызметтерін ұлғайту, Алматы, Семей, Ақтөбе, Шымкент, Нұр-Сұлтан қалаларында ПЭТ-орталықтарын құру, өңірлердің онкологиялық орталықтарын цифрлық рентген-аппараттармен, магниттік-резонанстық томографтармен (*бұдан әрі – МРТ*), гистологиялық, иммуногистохимиялық және диагностиканың басқа да әдістеріне арналған жабдықпен жете жарақтандыру, онкологиялық науқастарға телемедициналық консультация беруді ұйымдастыру, телепатология жүйесі арқылы ісіктер биоүлгілерінің халықаралық телеконсультацияларын енгізу арқылы көзделген.

Диагностиканың қазіргі заманғы әдістеріне қолжетімділікті арттыру мақсатында онкологиялық ауруларға күдікті пациенттерге КТ және МРТ пайдалана отырып зерттеулер жүргізу көзделген.

2020 жылы түзетулерді ескере отырып, 40 662 зерттеу (*жоспардан 86,6%*), оның ішінде КТ - 24 074 (*жоспардан 76,3%*) және МРТ - 16 588 (*жоспардан 68,9%*) жүргізілді.

Бүгінгі күні Алматы қаласында ПЭТ-орталық пайдалануға берілді, Семей, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларында 2021 жылы іске қосу жоспарлануда.

2020 жылы ПЭТ зерттеулерімен 12 401 пациент қамтылды.

Бұдан басқа, Қазақстанда алғаш рет диагностикалық күрделі жағдайларда телепатология жүйесін пайдалана отырып, халықаралық сарапшылардың телеконсультациялары енгізілді. 2020 жылы телепатология көмегімен 4 671 халықаралық консультация өткізілді, бұл бағытта жұмыс жалғастырылуда.

Өңірлік онкологиялық диспансерлерді/орталықтарды медициналық жабдықтармен жарақтандыру кешенді жоспарға сәйкес жергілікті және республикалық бюджеттің есебінен, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде жүзеге асырылады.

*Өңірлік саламатты өмір салты орталықтарын тарта отырып, халықтың скрининг туралы хабардарлығын кеңейту бойынша.*

Қазақстан онкологтары емханалар деңгейінде бейінді мамандарды тарта отырып, «Ашық есік күндерін», дөңгелек үстелдер, вебинарлар мен ақпараттық акциялар өткізу арқылы халықтың скрининг туралы хабардар болуын кеңейту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

2021 жылы «Халықаралық обырмен күрес күні», «Сүт безі, жатыр мойны, колоректалдық обыр туралы хабардар ету айлығы», «АПВ мен күрес халықаралық күні», Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығының жоспары аясында 1000 астам шараларды өткізу жоспарланған.

Кешенді жоспар шеңберінде онкопатологияның профилактикасы бойынша халықтың хабардар болуын арттыру бойынша іс-шараларға мониторинг жүргізіледі. 2020 жылдың қорытындысы бойынша онкологиялық аурулардың белгілері туралы халықтың хабардар болу деңгейі 75,1%-ды, диагностика әдістері бойынша – 87,7%-ды құрады.

*Бейінді мамандарды емханалар деңгейіне тарту туралы мәселені қарау бойынша.*

Анықтау деңгейінің төмендеу факторларының бірі бейінді мамандардың алғашқы медициналық көмекпен жеткіліксіз қамтамасыз етуі болып табылады. Қабылданып жатқан күш-жігерге және онколог мамандарды даярлауды ұдайы жүргізуге қарамастан, өңірлерде, әсіресе ауылдық жерлерде кадрлар тапшылығы сақталуда. 2021 жылдың басында республика бойынша онколог дәрігерлердің тапшылығы 37%-ды (*абс. саны 491*) құрайды. Жағдайды жақсарту мақсатында кадрларды даярлау және жас мамандарды тарту бойынша белсенді жұмыс жалғасуда. Онколог мамандардың (*резиденттер*) күтілетін шығарылымы 2021-2022 жылдары – 12 адам, 2023 жылы – 70 адам.

Сонымен қатар, Кешенді жоспар бейінді мамандардың онкопатологияны ерте кезеңде анықтау тиімділігін арттыруы үшін уәждемелік компонентті әзірлеу мен енгізуді (*көтермелеу*) көздеген. Осы енгізуді 2021 жылы Қазақстан

Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен бекіту жоспарлануда.

*Диагностиканы сапалы орындау мақсатында ерте анықтау индикаторларын қою тәсілдерін өзгерту бойынша.*

Скринингтік зерттеулердің нысаналы топтарының арасында 0-I сатыда ҚІ анықтаудың шекті индикаторлары халықаралық ұсынымдарды («*European guidelines for quality assurance in cervical cancer screening*», «*European guidelines for quality assurance in breast cancer screening and diagnosis*», «*European guidelines for quality assurance in colorectal cancer screening and diagnosis*»), ҚІ-мен сырқаттанушылық, Қазақстан Республикасында скринингтік оқшаулаудың деңгейлерін ескере отырып жасалды және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-278/2020 бұйрығымен бекітілді.

Бұл тәсілдер Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының, Халықаралық обырға қарсы күрес агенттігінің және Қазақстан Республикасында онкологиялық көмек көрсетуді бағалау жөніндегі атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің халықаралық сарапшыларының ұсыныстарын–Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің шақыруы бойынша 2016 жылы болған ImPACT миссиясын ескере отырып енгізілді.

*Нысаналы топтардағы 0-1 сатыларда ҚІ анықтау шегін ұлғайту бойынша.*

Кешенді жоспарды іске асыру шеңберінде нысаналы индикаторлар бекітілді, олардың бірі 0-1 сатыдағы ҚІ-ны бұрын анықтау болып табылады.

ҚР – да 0-1 сатыдағы ҚІ ерте анықтаудың индикаторлық көрсеткіші 2021 жылы – 31,8%, 2022 жылы-33,5% құрайды.

Сонымен қатар, Кешенді жоспарға сәйкес нысаналы топтарды скринингтік тексеріп–қараумен қамту 2021 жылы 80%-ға дейін кеңейтілді (2020 жылы-қамту үлесі 70%-ды құрады).

**Құрметпен,  
Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі**

**А. Цой**

Депутатам Мажилиса  
Парламента Республики Казахстан,  
членам Фракции партии «Nur-Otan»  
Л. Павловец  
Д. Нурманбетовой  
В.Ким

На исх. №ДЗ-50  
от 17.02.2021

### Уважаемые депутаты!

Министерство здравоохранения Республики Казахстан, рассмотрев депутатский запрос касательно профилактики и ранней диагностики онкологических заболеваний, сообщает следующее.

С целью совершенствования онкологической службы и обеспечения доступности медицинской помощи онкологическим больным и раннего выявления злокачественных новообразований (далее – ЗН) реализуется Комплексный план по борьбе с онкологическими заболеваниями на 2018-2022 годы, утвержденный постановлением Правительства Республики Казахстан от 29 июня 2018 года №395 (далее – Комплексный план).

Контингент онкологических больных в 2020 году составил 190 159 больных (2019 год – 186 326 пациент).

При этом, показатель смертности от ЗН снизился на 0,8% и составил 78,5 на 100 тыс. населения (2019 год – 79,3 на 100 тыс. населения).

Вместе с тем, отмечается снижение заболеваемости ЗН на 17,9% по сравнению с предыдущим годом (2020 г. – 175,9 на 100 тысяч населения, 2019 г. – 193,8 на 100 тысяч населения).

На активное выявление онкологических заболеваний в ранних стадиях неблагоприятно повлияли чрезвычайное положение и ограничительные мероприятия в связи с пандемией коронавирусной инфекции COVID-19.

В период чрезвычайного положения профилактические осмотры были приостановлены до сентября 2020 года.

Однако, по возобновлении профилактических осмотров повсеместно отмечался низкий уровень участия населения в осмотрах, особенно, лиц старшего возраста, что привело к низкому охвату и неосвоению выделенных средств. В этой связи, по всем видам скрининговых осмотров (рак шейки матки, рак молочной железы, колоректальный рак) выявляемость патологии зарегистрирована в два раза меньше, чем в 2019 году.

Следует отметить, что некоторые компьютерные томографы (далее – КТ) находились в медицинских организациях, перепрофилированных под провизорные центры, в связи с чем неполноценно использовались для обследования пациентов с подозрением на онкопатологию.

Планирование онкологических скрининговых исследований на 2021 год проведено с учетом отрицательного опыта 2020 года.

Ситуация с COVID-19 также неблагоприятно отразилась на работе смотровых кабинетов первичной медико-санитарной помощи. Поток пациентов уменьшился на 60 % по сравнению с 2019 годом.

С целью совершенствования этапности и маршрутизации пациентов оказание онкологической помощи в республике разделено на три уровня в рамках интегрированной модели. На первом уровне онкологическая помощь оказывается организациями первичной медико-санитарной помощи, в которых функционируют 1891 смотровых кабинета: 675 мужских, 1216-женских, (2019 год – 1849, 648 мужских и 1201 женских).

Министерством проводится активизация работы смотровых кабинетов в 2021 году. Запланировано обучение специалистов смотровых кабинетов (*акушерки, фельдшера*) в онкологических центрах по вопросам онконастороженности, осмотра визуальных локализаций, правилам забора материала для цитологического исследования.

*По обеспечению доступности и качества ранней диагностики всех форм злокачественных новообразований на 0-1 стадии.*

Развитие высокоэффективной ранней диагностики предусмотрены мероприятиями Комплексного плана путем увеличения услуг позитрон-эмиссионной томографии (*далее–ПЭТ*), создания ПЭТ-центров в городах Алматы, Семей, Актобе, Шымкент, Нур-Султан, дооснащения онкологических центров в регионах цифровыми рентген-аппаратами, магнитно-резонансными томографами (*далее–МРТ*), оборудованием для гистологической, иммуногистохимической и других методов диагностики, организации телемедицинского консультирования онкологических больных, внедрения международных телеконсультаций биообразцов опухолей через систему телепатологии.

С целью повышения доступности к современным методам диагностики предусмотрено проведение исследований с использованием КТ и МРТ пациентам с подозрением на онкологические заболевания.

В 2020 году с учетом корректировок проведено 40 662 исследования (*86,6% от плана*), из них КТ - 24 074 (*76,3% от плана*) и МРТ - 16 588 (*68,9% от плана*).

На сегодня в городе Алматы введен в эксплуатацию ПЭТ-центр, в городах Семей, Нур-Султан, Шымкент планируется запуск в 2021 году.

За 2020 год ПЭТ исследованиями охвачено 12 401 пациентов.

Кроме того, впервые в Казахстане внедрены телеконсультации международными экспертами с использованием системы телепатологии в диагностически сложных случаях. С помощью телепатологии за 2020 год проведено 4 671 международных консультаций, работа по данному направлению продолжается.

Оснащение медицинским оборудованием региональных онкологических диспансеров/центров осуществляется согласно Комплексному плану за счет местного и республиканского бюджетов, а также в рамках государственного-частного партнерства.

*По расширению информированности населения о скрининге с привлечением к этой работе региональных центров здорового образа жизни.*

Онкологи Казахстана проводят активную работу по расширению информированности населения о скрининге с привлечением профильных специалистов на уровне поликлиник, путем проведения «дней открытых дверей», круглых столов, вебинаров и информационных акций.

В 2021 году запланировано проведение более 1000 мероприятий в рамках «Всемирного дня борьбы с раком», «Месячника осведомленности о раке молочной железы, шейки матки, колоректального рака», «Всемирного дня борьбы с ВПЧ», плана к 30-летию Независимости Казахстана и др.

В рамках Комплексного плана проводится мониторинг мероприятий по повышению информированности населения по профилактике онкопатологии. По итогам 2020 года уровень информированности населения о симптомах онкозаболеваний составил 75,1%, по методам диагностики - 87,7%.

*По рассмотрению вопроса о привлечении профильных специалистов на уровень поликлиник.*

Одним из факторов снижения уровня выявления является недостаточная обеспеченность первичной медицинской помощи профильными специалистами. Несмотря на предпринимаемые усилия и регулярное проведение подготовки специалистов онкологов, дефицит кадров сохраняется в регионах, особенно в сельской местности. На начало 2021 года по республике дефицит врачей-онкологов составляет 37% (абс.число 491). С целью улучшения ситуации продолжается активная работа по подготовке кадров и привлечению молодых специалистов. Ожидаемый выпуск специалистов онкологов (резиденты) в 2021 и 2022 году – по 12 человек, в 2023 году – 70 человек.

Наряду с этим, Комплексным планом предусмотрена разработка и внедрение мотивационного компонента (поощрение) для повышения эффективности выявления онкопатологии на ранних стадиях профильными специалистами. Данное внедрение планируется утвердить приказом Министерства здравоохранения Республики Казахстан в 2021 году.

*По изменению подходов к постановке индикаторов по ранней выявляемости в целях качественного выполнения диагностики.*

Пороговые индикаторы выявляемости ЗН на 0-I стадии среди целевых групп скрининговых исследований составлены с учетом международных рекомендаций («*European guidelines for quality assurance in cervical cancer screening*», «*European guidelines for quality assurance in breast cancer screening and diagnosis*», «*European guidelines for quality assurance in colorectal cancer screening and diagnosis*»), уровней заболеваемости ЗН, скрининговых локализаций в Республике Казахстан и утверждены приказом Министра

здравоохранения Республики Казахстан от 15 декабря 2020 года № ҚР ДСМ-278/2020.

Данные подходы были внедрены с учетом предложений международных экспертов Всемирной организации здравоохранения, Международного Агентства борьбы против рака и Международного Агентства по атомной энергии по оценке оказания онкологической помощи в Республике Казахстан - миссии ImРАСТ, состоявшейся в 2016 году по приглашению Министерства здравоохранения Республики Казахстан.

*По увеличению порога выявляемости ЗН на 0-1 стадиях у целевых групп.*

В рамках реализации Комплексного плана утверждены целевые индикаторы, одним из которых является ранее выявление ЗН 0-1 стадиях.

Индикаторный показатель раннего выявления ЗН 0-1 стадиях в РК составляет в 2021 году – 31,8%, 2022 году – 33,5%.

Вместе с тем, согласно Комплексному плану охват скрининговыми осмотрами целевых групп в 2021 году расширен до 80% (*в 2020 году – доля охвата составляла 70%*).

***С уважением,***  
**Министр здравоохранения**  
**Республики Казахстан**

**А. Цой**

*Орын.: А.Бекжанова  
тел.: 750785*